1. *Социальные исследования* — это методы изучения социальных интересов персонала. Их результатом являются выявленные конкретные потребности работников в определенных социальных благах (например, жилье, укрепление здоровья, спортивные и культурные запросы, повышение квалификации и переподготовка персонала и др.). На основе такого изучения разрабатывается программа удовлетворения этих потребностей.

2. *Социальное планирование* — это метод планового решения социальных проблем коллективов по улучшению условий труда, производственного быта, духовного и физического развития, жилья, охраны здоровья, коммунально-бытовых условий, квалификации работников, структуры персонала, выявляемых в процессе социальных исследований. Реализуется оно путем разработки внутрифирменного плана удовлетворения выявленных потребностей с учетом экономических возможностей фирмы. Как правило, такой план составляется на один год и (или) 4–5 лет.

3. *Социальное регулирование* представляет собой процесс реализации планов и программ удовлетворения социальных потребностей персонала. Успешное их осуществление способствует единению персонала, сближению его интересов и интересов руководства фирмы, развитию корпоративного духа, т.е. такого состояния, когда и руководители, и рядовые работники глубоко заинтересованы в экономической результативности деятельности предприятия.

Социальная политика — основа управления социальными системами и процессами

Наряду с управлением экономическими системами и явлениями нормальное функционирование и развитие общества и жизни требует управления социальными системами и процессами, т.е. процессами, протекающими в одной из основных ее сфер общественной жизни, которая именуется социальной. Характер и направление соответствующей деятельности задаются социальной политикой государства, а средством реализации, инструментом этой политики выступает такая разновидность управленческой деятельности, которая может быть названа социальным управлением.

В учебнике «Социальный менеджмент» дается следующее развернутое определение рассматриваемого понятия: «Социальная политика — это деятельность государства и других политических и социальных институтов, направленная на прогрессивное развитие социальной сферы жизни общества, на совершенствование условий, образа и качества жизни людей, на обеспечение их жизненных потребностей, оказание им необходимой социальной поддержки, помощи и защиты с использованием в этих целях имеющегося у соответствующего института финансового и другого общественного потенциала» [2; 91].

Социальная политика непосредственно затрагивает повседневные интересы людей, создает те или иные, лучшие или худшие возможности для удовлетворения самых различных их нужд. Поэтому, если она в максимально возможной степени (насколько позволяет накопленный общественный потенциал) способствует удовлетворению таких нужд, созданию благоприятных условий жизни масс, это выступает исключительно важным фактором обеспечения стабильности в обществе или в какой-то общественной системе средних и малых масштабов (в регионе, городе, районе, в трудовом коллективе и т.д.), предотвращения социальной напряженности (либо при возникновении таковой), ее смягчения и преодоления, устранения многих причин, порождающих социальные конфликты.

Необходимость успешного построения модели социальной политики в Казахстане

Основной проблемой современной теории в области социальной политики являются некая разрозненность взглядов и отсутствие единой концепции. Законы в этой сфере должны иметь общую основу, т.е. быть подстроены под конкретный аппарат. Кроме того, новая Казахстанская модель социальной политики обладает особенностями, которые должны учитываться при ее разработке. Не зря на это акцентировал свое внимание Президент Н.А. Назарбаев в Послании народу Казахстана «Стратегия «Казахстан – 2050»: новый политический курс состоявшегося государства: «В нашем обществе растет запрос на обновленную и более эффективную социальную политику, способную справиться с вызовами времени. Как показывает мировой опыт, идеальной и универсальной модели социальной политики нет. Также как и нет ни одного общества, где все граждане были бы удовлетворены существующей социальной системой. Решать вопросы социальной безопасности и благополучия граждан — это трудная и очень серьезная задача, которая касается каждого казахстанца. Поэтому здесь должны быть тщательно взвешенные подходы» [17; 13].

Социальная политика — это прежде всего одно из направлений внутренней государственной политики. Неважно, провозглашает себя государство социальным или нет, тем не менее оно всегда в той или иной степени социально, так как целью государственного регулирования является улучшение уровня жизни населения. Деятельность государства ограничена действием социальных институтов. Они выступают своего рода ограничителями, поскольку без них его можно рассматривать как «стационарного» или «нестационарного бандита» в модели государства Д. Норта [18].

В составе институтов Д. Норт выделяет три главные составляющие:

- а) неформальные ограничения (традиции, обычаи, всякого рода социальные условности);
- б) формальные правила (конституции, законы, судебные прецеденты, административные акты);
- в) механизмы принуждения, обеспечивающие соблюдение правил (суды, полиция и т.д.).

По нашему мнению, появляется целесообразность четко обозначить понятие социальной политики, так как без этого невозможна систематизация взглядов и подходов к регулированию данной сферы деятельности. Примечательно вспомнить высказывание В. Зомбарта о том, что «в настоящее время считается позволительным написать целую книгу о «социальной политике», не отдавая себе отчета, какое точное понятие соответствует этим словам» [19].

На наш взгляд, наиболее удачное определение социальной политики дано в работе [20]: «Если социальную политику рассматривать в прикладном смысле (контексте), то это совокупность (система) конкретных мер и мероприятий, направленных на жизнеобеспечение населения. В широком смысле социальная политика — это не столько система мер и мероприятий, сколько система взаимоотношений и взаимодействий между субъектами экономики, в центре которых главная и конечная цель — человек, его благосостояние, социальная защита и социальное развитие, жизнеобеспечение и социальная безопасность населения в целом. Можно сказать, что социальная политика — это совокупность конкретных мер и мероприятий, складывающихся под воздействием взаимоотношений и взаимодействий между субъектами экономики или опосредованных этими взаимодействиями.

Социальная политика должна быть всеобъемлющей, т.е. предусматривать повышение качества жизни для всех субъектов экономики. Отсюда следует, что она должна быть гибкой. Социальная политика должна быть системной, т.е. мероприятия не должны быть «хаотическими», а должны вписываться в определенную концепцию, иметь определенную однозначную направленность. Кроме того, она должна быть адаптированной к условиям экономики конкретной страны. Наконец, социальная политика должна быть динамически изменяющейся».

Видимо, для успешного построения модели социальной политики в Республике Казахстан в будущем нужно решить две основные задачи: экономический рост и, как следствие, повышение благосостояния граждан; построение социально-экономической модели, в центре которой должен быть человек. Все мероприятия в области социальной политики должны способствовать реализации личности, а государство должно выявлять нуждающихся в помощи и оказывать им поддержку. В частности, можно предложить программы, направленные на возможность личности самореализоваться и защиту социально уязвимых субъектов на рынке труда, а не на высокие выплаты по безработице, а также введение нормативной системы социальной поддержки, предусматривающей закрепление определенных сумм на обучение за каждым обучающимся и определенных сумм на медицинское обслуживание за каждым пенсионером. В области активизации демографической политики — это программы, ориентированные на материальное стимулирование женщин к материнству, вместо существующей политики, направленной на повышение брачности.

В заключение хотелось бы особо отметить, что скопировать готовую модель невозможно и неправильно. Однако опираться на имеющийся опыт при выработке своей модели крайне необходимо. Опыт не может рассматриваться как универсальная модель перехода к социальному рыночному хозяйству. Он, напротив, лишь показывает, что любая страна должна выстроить свой собственный путь, опираясь на успехи и проблемы других стран.

Социальные приоритеты Стратегии «Казахстан – 2050»

В настоящее время динамика и характер реализации социальных проектов в Казахстане определяются тремя основными факторами – идеологией, положения которой пронизаны заботой о благосостоянии казахстанцев; стабильностью экономического роста и положительной динамикой демографии.

При этом первым направлением социально-экономической модернизации казахстанского общества выступает обеспечение продуктивной занятости граждан страны. Как известно, данная

задача отнесена Главой государства к числу важнейших приоритетов социального развития: «Главная угроза мировой нестабильности — рост безработицы. Фактическое трудоустройство должны обеспечивать все программы, реализуемые в стране, — и государственные, и отраслевые, а не только какая-то их часть» [17; 14].

Известно, что социальные проблемы особо ярко проявляются в регионах с преимущественно аграрной спецификой, где высокая демографическая нагрузка накладывается на низкую занятость населения. Проведенная практика показала: без комплексного подхода обеспечить здесь высокое качество жизни населения невозможно. В нашей стране данный подход представлен такими программами развития, как ФИИР, «Дорожная карта бизнеса – 2020», «Производительность – 2020», «Занятость – 2020» и др.

Так, в рамках реализации мероприятий Дорожной карты «Занятость – 2020» учтено, что создание рабочих мест должно достигаться не только через развитие предпринимательства на селе, но и через развитие опорных сел, что позволяет обеспечить целевую занятость граждан в конкретной сельской местности за счет концентрации здесь мер государственной поддержки. При этом сумма микрокредита сельчанам в расчете на одно личное подсобное хозяйство увеличилась до 5 млн тенге.

В дополнение к мерам господдержки предпринимательской инициативы предусмотрено также предоставление на льготных условиях сервисных услуг по сопровождению проектов сельского бизнеса.

По данным Министерства труда и социальной защиты РК экономический рост последних лет и активная социальная политика государства привели к улучшению жизненного уровня населения. Сейчас основное место в доходах населения занимают трудовые средства. Ситуация в оплате труда характеризуется стабильным ростом среднемесячной номинальной заработной платы. Еще одним источником доходов населения являются социальные трансферты — выплаты из системы социального обеспечения.

В республике продолжается работа по реализации пунктов принятого Закона «О пенсионном обеспечении в РК», которым предусмотрены такие меры, как создание Единого накопительного пенсионного фонда, перевод добровольных профессиональных пенсионных взносов в обязательный формат, унификация пенсионного возраста женщин в целях увеличения стажа их участия в накопительной пенсионной системе. Актуальность этих преобразований обусловлена как необходимостью перехода к современной системе пенсионных накоплений граждан, так и наличием проблем адекватности пенсионного обеспечения граждан, являющихся менее защищенной категорией общества. Современная модель пенсионного обеспечения — это своего рода «страховка» от бедности и в то же время предупреждение резкого снижения доходов в период старости.

В качестве ключевых приоритетов образования в свете реализации Стратегии «Казахстан – 2050» выступают вопросы раннего развития детей, обновления содержания школьного образования, вовлечение работодателей в развитие дуальной системы ТиПО, развитие академических свобод и конкуренции в высшем образовании.

К 2016 г. Кембриджской системой подготовки кадров планируется охватить 108 тыс педагогов. Еще 135 тыс пройдут краткосрочные курсы, что позволит в целом поднять образовательные процессы в стране на более совершенный уровень.

В своем Послании народу Казахстана Президент страны особо отметил: «В рамках долгосрочной модернизации национальной системы здравоохранения мы должны на всей территории страны внедрить единые стандарты качества медицинских услуг, а также усовершенствовать и унифицировать материально-техническое оснащение медицинских учреждений» [17; 15].

Сегодня в рамках реализации Стратегии «Казахстан – 2050» в системе национальной медицины осуществляется немало проектов, направленных на увеличение ожидаемой продолжительности жизни, укрепление репродуктивного здоровья, улучшение качества жизни пациентов с тяжелыми формами заболеваний, в частности, сахарным диабетом, гемофилией и раком.

В числе других социально значимых проектов здравоохранения можно назвать также «Мать и дитя», «Создание школ репродуктивного здоровья», «Развитие консультативной службы по вопросам безопасного материнства» и др. Еще одним достижением в реализации Государственной программы «Саламатты Қазақстан» стала система лекарственного обеспечения, включающая формулярную и информационную системы. Это позволило контролировать адресность и фактическое получение больными лекарственных средств, гарантированных государством.

В целом можно отметить, что в дальнейшем стратегические задачи долгосрочной перспективы, связанные в том числе с приоритетами вхождения Казахстана в число 30 развитых стран мира, будут обуславливать необходимость коренной модернизации социальной сферы с ее ориентацией на более полное удовлетворение потребностей населения в качественных социальных услугах.

Список литературы

- 1 Ильенкова С.Д., Журавлева В.Н., Козлова Л.Л. и др. Социальный менеджмент: Учебник. — М.: Банки и биржи, ЮНИТИ, 1998. — 271 с.
- 2 Социальный менеджмент: Учебник / Под ред. Д.В. Валового. — М.: ЗАО «Бизнес школа «Интел-Синтез»; Академия труда и социальных отношений, 1999. — 384 с.
- 3 Кравченко А.И. Социология менеджмента: Учеб. пособие. — М.: ЮНИТИ, 1999. — 366 с.
- 4 Кравченко А.И. Прикладная социология и менеджмент: Учеб. пособие. — М.: Изд-во МГУ, 1995. — 208 с.
- 5 Теория менеджмента: Учебник / Под ред. А.М. Лялина. — СПб.: Питер, 2010. — 464 с.
- 6 Русинов Ф.М., Никулин Л.Ф., Фаткин Л.В. Менеджмент и самоменеджмент в системе рыночных отношений: Учеб. пособие / Под ред. Ф.М. Русинова. — М.: ИНФРА-М, 1996. — С. 22, 23.
- 7 Кабушкин Н.И. Основы менеджмента: Учебник. — Минск: НПЖ «ФУА»; ЗАО «Экономпресс», 1997. — 284 с.
- 8 Вачугов Д.Д., Березкина Т.Е., Кислякова Н.А. и др. Основы менеджмента: Учеб. — М.: Высш. шк., 2001. — 367 с.
- 9 Лафта Дж.К. Менеджмент: Учебник. — М.: ПБОЮЛ Григорян А.Ф., 2002. — 264 с.
- 10 Албастова Л.Н. Технологии эффективного менеджмента: Учеб.-практ. пособие. — М.: Изд-во «ПРИОР», 1998. — С. 10.
- 11 Гончаров В.И. Менеджмент: Учеб. пособие. — Минск: Мисанта, 2003. — С. 75.
- 12 Румянцева З.П., Саломатин Н.А., Акбердин Р.З. и др. Менеджмент организации: Учеб. пособие. — М.: ИНФРА-М, 1996. — 432 с.
- 13 Дункан Джексон У. Основопологающие идеи в менеджменте. Уроки основоположников менеджмента и управленческой практики / Пер. с англ. — М.: Дело, 1996. — С. 193.
- 14 Удальцова М.В. Социология управления: Учеб. пособие. — М.: ИНФРА-М; Новосибирск: НГАЭиУ, 1998. — С. 61–63.
- 15 Далитов С.К. Основы современного менеджмента: Учеб. — Алматы: ТОО «Полиграфкомбинат» Республики Казахстан, 2012. — 556 с.
- 16 Теория системного менеджмента: Учебник / Под общ. ред. П.В. Журавлева, Р.С. Седегова, В.Г. Янчевского. — М.: Изд-во «Экзамен», 2002. — 512 с.
- 17 Послание Президента РК — Лидера Нации Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Стратегия «Казахстан – 2050»: новый политический курс состоявшегося государства» // Мысль. — 2013. — № 1. — С. 2–23.
- 18 Норт Д. Институты, институциональные изменения и функционирование экономики / Пер. с англ. — М.: Начала, 1997. — С. 194.
- 19 Зомбарт В. Избранные работы. — М.: Издат. дом «Территория будущего», 2005. — С. 176, 177.
- 20 Сочнева Е. Государственное управление социальной сферой // Проблемы теории и практики управления. — 2008. — № 10. — С. 29, 30.

Р.С.Каренов

Әлеуметтік менеджмент менеджмент дамуының заманауи кезеңі ретінде

Мақалада әлеуметтік үдерістердің мәні және ерекшеліктері, әлеуметтік менеджмент құрылымының қызмет атқару тетігі ашылып көрсетілген. Әлеуметтік үдерістерді зерттеп және оларды басқару жүйесін құрмайынша, қоғамның әлеуметтік қажеттіліктерін шешуді қамтамасыз ету мүмкін еместігі пайымдалған. Заманауи менеджменттің бір түрі ретіндегі әлеуметтік менеджмент басқару мақсаттарын және міндеттерін, оның қағидаларын, басқару жүйесін және тәсілдерін білдіретіндігі айтылған. Әлеуметтік менеджменттің негізгі міндеті тепе-теңдік пен дамуды қолдау мақсатында басқарылатын нысанға мақсатты ықпал жасауды қамтамасыз ету болып табылатындығы негізделген. Әлеуметтік жүйелер мен үдерістерді басқару негізі ретіндегі әлеуметтік саясат мәселелеріне едәуір көңіл бөлінген. Еліміздің әлеуметтік бағдарланған саясатында өзекті индикатор ретінде жүзеге асырылуы мемлекеттің маңызды қызметі болып саналатын халықтың өмір сүру деңгейін арттыру мәселесі алынатындығы дәлелденген.

Social management as a modern stage in the evolution of management

It is disclosed that the nature and characteristics of social processes, the mechanism of functioning of the structures of social management. It is noted that without studying of social processes and management system creation it is impossible to provide with them the solution of social requirements of society. It is emphasized that social management as one of kinds of modern management assumes development of the purposes and tasks of management, its principles, systems, methods of management. It is proved that the main task of social management is to ensure a deliberate action on a managed object in order to maintain balance and development. Considerable attention is paid to social policy as the basis for the management of social systems and processes. It is proved that a socially oriented policy of our country a key indicator appears on the task of providing a high standard of living, the achievement of which — an important function of the state.

References

- 1 Ilyenkov S.D., Zhuravlev V.N., Kozlova L.L. et al. *Social Management*: Textbook, Moscow: Banks and stock exchanges, UNITY, 1998, 271 p.
- 2 *Social Management: Textbook* / Edited by D. Gross, Moscow: ZAO «Business School» Intel – Synthesis», Academy of Labour and Social Affairs, 1999, 384 p.
- 3 Kravchenko A.I. *Social Management*: Textbook, Moscow: UNITY, 1999, 366 p.
- 4 Kravchenko A.I. *Applied Sociology and Management*: Textbook, Moscow: Moscow State University Press, 1995, 208 p.
- 5 *Management theory*: Textbook / Edited by A.M. Lalin, St. Petersburg: Peter, 2010, 464 p.
- 6 Ruthenians F.M., Nikulin L.F., Fatkin L.V. *Management and self-management in the system of market relations*: Textbook / Edited by F.M. Rousinova, Moscow: INFRA-M, 1996, p. 22, 23.
- 7 Kabushkin N.I. *Fundamentals of Management*: Textbook, Minsk: NPW «FAA», JSC «Ekonompress», 1997, 284 p.
- 8 Vachug D.D., Berezkina T.E., Kislyakova N.A. et al. *Management Basics*: Tutorial, Moscow: Higher School, 2001, 367 p.
- 9 Luftu Dzh.K. *Management*: Textbook, Moscow. Grigoryan PBOJUL AF, 2002, 264 p.
- 10 Albastova L.N. *Effective management of technology*: Training and practical guide, Moscow: «Publisher PRIOR», 1998, p. 10.
- 11 Goncharov V.I. *Management*: Textbook, Minsk: Misanta, 2003, p. 75.
- 12 Rumyantsev Z.P., Salomatin N.A., Akberdin R.Z. et al. *Organization Management*: Textbook, Moscow: INFRA-M, 1996, 432 p.
- 13 Jack W. *Duncan fundamental ideas in management. Lessons of the founders of management and management practices* / Per. from Engl., Moscow: Delo, 1996, p. 193.
- 14 Udaltsov M.V. *Management Sociology*: Textbook, Moscow: INFRA-M; Novosibirsk NGAEiU, 1998, p. 61–63.
- 15 Dalits S.K. *Fundamentals of Modern Management*: A Textbook, Almaty LLP «Polygraph» Republic of Kazakhstan, 2012, 556 p.
- 16 *Theory of system management*: Textbook / Edited by P.V. Zhuravlev, R.S. Sedegova, V.G. Yancheuski, Moscow: Publ. house «Exam», 2002, 512 p.
- 17 *Message from the President of Kazakhstan — the Leader of the Nation N.A. Nazarbaev of Kazakhstan. «Strategy «Kazakhstan – 2050»: a new policy established state»* // Thought, 2013, 1, p. 2–23.
- 18 North D. *Institutions, of the institutional change and economic performance* / Per. from Engl., Moscow: Beginnings, 1997, p. 194.
- 19 Sombart V. *Selected Works*, Moscow: Publ. house «Territory of the future», 2005, p. 176, 177.
- 20 Sochneva E. *Problems of the theory and practice of management*, 2008, 10, p. 29, 30.

С.Х.Медиева, М.Р.Әмірбекова

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: sara.orazbaeva.66@mail.ru)*

Отбасы мен ұрпақтар сабақтастығы тәрбиесінің тұлға қалыптастыруға бағытталған іс-әрекеті

Мақалада балаларға қамқорлық жасау мен тәрбиелеу, ата-ана құқығы мен міндеттері қоғамдағы бала тәрбиелеудің заман талабына сай, жан-жақты жетілген қазіргі қоғамдағы берілетін тәрбие, рухани тәрбие мәні көрсетілген. Әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы жасалыну барысында шапшаң ойлап, кез келген келелі жағдайдан шыға алатын тұлға қалыптастыру жайында отбасы тәрбиесінің келелі мәселелері мен логикалық ойы терең, ғылыми-техникалық прогресті түсініп, оны дамумен жалғастыра алатын, ақыл-ой қабілеті дамыған ұлттық тұлға қалыптастыру қажеттілігі туралы айтылды.

Кілт сөздер: отбасы, бағдарлама, шоғырлану, үйлесімділік, патриоттық, мәдениетті, мінез-құлық, ата-аналар, ар-ождан, отаншылдық рух.

Қазақстан Республикасының Конституциясында «Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу — ата-ананың табиғи құқығы әрі парызы» деп отбасының міндеті анық көрсетілген. «Қазақстан – 2030» Бағдарламасында балаларымызды алыс болашақта қандай сапада көруіміз керектігі туралы айтылған. Сонымен бірге «Отбасы туралы» ҚР Заңы, «Жоғары және орта білім тұжырымдамасында» әрбір отбасында өзінің ұрпағын тәрбиелеп, қатарға қосу міндеті жүктелген. Сөйтіп, отбасының әуел бастан-ақ өзіне тән киелі міндетін орындау қажеттілігі бекемделе түсті.

Отбасы баланың ең жақын әлеуметтендіру ортасы қатарында өмірдің мақсаты, оның құндылықтарын біліп, өзін қалай ұстау керектігі туралы алғашқы мәліметтерді береді және онда басқалармен қарым-қатынас орнатуына іс жүзінде дағдыланады. Сөйтіп, өзінің «кім» және «қандай» екенін практикада сынап байқап көреді. Отбасында әр түрлі жағдаяттар мен төтенше ахуалдарда өзін ұстаудың нормаларын, мінез-құлқын реттеудің өлшемдерін меңгереді. Ата-ананың үгіт-насихаты, түсіндіруі, олардың үлгі-өнегесі, үйдегі ахуал, отбасының психологиялық тынысы арқылы балалардың әдеті, мінез-құлқы, жақсы-жаманды бағалау өмірлері қалыптасуымен қатар, қандай қылықтары үшін сөгіс алып, не үшін жазаланатынын, әділдік пен адалдық туралы ұғынып түсінеді.

Біз баламыздың тәрбиелі де өнегелі болып өсіп, өз қатарының алды болғанын қалаймыз. Бірақ баламызды осы мақсаттарға сай тәрбиелеу үшін үлкен еңбек, күш-жігер қажет екенін бәріміз білсек те, мойнымыз жар бермей, бала тәрбиесімен айналыса бермейміз. Кейін баламыз есейген сәтте, «сен маған тартпағансың, мынаны олай істемедің, ананы бұлай істемедің, ештеңеге қырсызсың» деп кінәлап жатамыз.

Еліміздің көркейіп, өркениетті елдің қатарына қосылып, халықаралық деңгейге шығуы бүгінгі ұрпақ бейнесімен көрінеді.

Шығыс ғұламасының бірі болып саналатын Жүсіп Баласағұнның дастандарында отбасы тәрбиесі көп айтылады. Мемлекеттің беріктігі тек ел билеуші қайраткерлерге әділ заңға, күшті әскерге ғана емес, әр отбасының беріктігіне байланысты екендігін сипаттайды. Оның ойынша, отбасы беріктігі жаңа жар таңдаудан басталады және өнегелі отбасында ғана өнегелі ұрпақ тәрбиеленеді.

Елбасы Н. Назарбаев «Еліміздің болашақта гүлденуі бүгіннен басталады» баяндамасында отбасының беріктігі, жұбайлардың бір-біріне, ең бастысы, балаларының алдындағы жауапкершілігі де көп нәрсеге байланысты. Ата-аналар балаларына, ал балалары ата-аналарына қамқор болуға тиісті деп атап өткен.

ҚР-ның Конституциясы да «Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу — ата-ананың құқығы әрі парызы» деп көрсетілген. Отбасы тұлғаның әлеуметтенуін қамтамасыз етеді, оның тәндік, моральдық және еңбектік тәрбиесіне болған мүмкіндіктерді мейлінше шоғырландырып, іске қосады. Қоғамның азамат мүшесі отбасыдан бастау алады, қоғам келбеті отбасыдан көрінеді. Отбасының аса маңызды әлеуметтік қызметтері: азамат тәрбиелеу, патриоттық қалыптастыру, болашақ жанұя игерген кемелдендіру және мемлекет заңдарын мойындап, құқықтарын сауатты пайдалана білетін қоғам мүшесін жетілдіру.

Балалар өз бойынан ата-анасының бар болмысын көрсетсе, керісінше, ата-аналар да өмірінің жалғасын балаларынан көреді. Әсіресе балаларды жас кезінен бастап тазалыққа, жинақы-ұқыптылыққа, еңбекті сүйеге және оның қадір-қасиетін түсінуге, үлкендерді, соның ішінде жасы үлкен қарттарды құрметтеуге және оларға мейіріммен қарауға, ал өзінен кішілерге қамқор болуға үйрету ежелден келе жатқан тәрбие құндылықтары болып саналады. Ата-аналар өсіріп отырған ұл-қыздарын жағымсыз қылықтардан сақтандырып отырған. Сондықтан да баланың бойынан көрінген кейбір кемшіліктерді дер кезінде түзеп, ескерту жасап тұрудың маңызы үлкен болған. Себебі бүгін арзымайтындай болып көрінген кішкентай қателік ертең үлкен бір даулы мәселеге жол ашып беруі мүмкін. Ал мұның соңы жақсы нәтижеге алып келмейтіні рас.

Отбасында жасы кіші балаларды ұқыптылық негізінде тәртіпке салу, мәдениетті етіп тәрбиелеу, оларды өздерінен үлкендерді құрметтеуге, оларға «сіз» деп сөйлеуге, сәлемдесу ережелеріне мән беруге, жағымсыз қылықтардан өздерін аулақ ұстауға үйретіп бару да өте қажетті, маңызды мәселе [1].

Мектепке дейінгі тәрбие — ол бүгінгі, бойында ұлттық санасы бар азамат тәрбиелеп өсіру. Бүгінгі күн талабы өскелең ұрпақтың бойындағы рухани байлығы мен мәдениеттілігін еркін ойлау қабілеті мен шығармашылығын, білімділігін жоғары қояды. Оған тек жас шыбықтай жайқалып өсіп келе жатқан өскелең ұрпақтың бойына шындық пен қайырымдылық, сенім мен сүйіспеншілік сияқты абзал қасиеттерді сіңіріп, қоршаған ортамен өзара «Адамға ең бірінші білім емес, рухани үйлесімділікті орнықтырған жағдайда ғана қол жеткізе аламыз. Тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім — азаматтың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі», — деген әл-Фараби бабамыз.

Дулат жыраудың:

*Ақылменен теңгеріп, қайратыңа дем беріп,
Өзіңді-өзің меңгеріп, қайырудағы сұңқардай.
Мезгілінде жем беріп, қымтап ұста тізгінді,
Анадан да сақ болып, тарпаң атқа мінгендей.
Алдына бесік өңгеріп — мақсатына сүйітіп жет! —*

деген өлеңінен қазақ халқының бала тәрбиесіне деген көзқарасын айқын аңғарамыз. Болашақ ұрпақ тәрбиесі — ата-бабамыздан келе жатқан рухани мұралардың бірі. Себебі артта қалған із қандай болса, ұрпағыңның болашағы сондай. Сондықтан бала тәрбиесі, әсіресе бүгінгі күнде, балабақшалар саны көбейіп, халықтың экономикалық жағдайы көтеріліп келе жатқан кезде, өте өзекті мәселенің бірі болып табылады. Қазақтың белгілі ақыны М. Жұмабаев өзінің «Педагогика» атты кітабында «Жалпы педагогика екі нәрсе жайында сөйлейді: дене тәрбиесі, жан тәрбиесі жайынан» деген.

Халқымыздың даналығында «Баланы жастан» деген сөз бар. Сондықтан тәрбиенің тал бесіктен басталатынын ескерсек, ата-бабадан келе жатқан дәстүрді өзіміз түпкілікті түсініп, жас ұрпақ балаларымызға сол тәрбиенің нәрін сіңіре білсек, бұл қазіргі заманда бала тәрбиесіне қосқан біздің қомақты үлесіміз болып табылар еді. Тәрбие ісінде тәрбиешінің рөлі қандай. Бала күні бойы тәрбиешісінің қарауында. Бала тәрбиешісінің әр сөзін қалт жібермей естіп, қабылдауға тырысып отырады. Жақсы сөз айтсаң да, келеңсіз сөз айтсаң да бала назарынан тыс қалмайды. Себебі тәрбиешісі балаға үлгі. Сондықтан әр тәрбиеші ең алдымен өзі тәрбиелі, ақыл-ойы жоғары, парасатты болуы тиіс. Ересектердің осындай сәттерде баланың іс-әрекетіне назар аударып, дұрыс жолға салып отырудың нәтижесі зор екені белгілі ақын ағамыз М. Жұмабаев: «Бала бір нәрсеге ұмтылса, сол нәрсеге баланың денесі, жаны, ақылы, сезімі, қайраты — бәрі бірге жұмсалады», — дейді. Ендеше, осы балалық шақта адамгершілігі мол азамат болып қалыптасуының негізгі тұтқасы болмақ [2].

«Тәрбие жалпы адамзаттық мәдениеттің бір бөлшегі болғандықтан, мәдениеттану тұрғысынан оқып, үйренуге де тура келеді. Олай болса, бұл үрдіс балаға ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени мұраны меңгеріп, сол арқылы осы заманғы мәдениетке енуіне көмек береді. Баланың оны игеруі барынша қысқа мерзімде атқарылуға тиіс. Нәтижесінде тәрбие ісі жалпы адамзаттың гуманистік бағытта жүргізіліп, жеке бастың бостандығын ар-ожданын қорғауға бағытталуы керек».

Кез келген жас ұрпақ мейлі ол мектеп оқушысы болсын немесе оқу орындарының студенті болсын, адам бойындағы ерекше қасиеттердің бірі — мәдениеттілігі болса, оны игеруге өмір бойы алатын білім жүйесін толықтырып отыруға міндетті болуы керек. Ғасырлар бойы қалыптасқан мәдениеттілік, яғни, ұлтымыздың бойындағы кішіге ізеттілік, үлкенді сыйлау, өз орнын біліп, адаммен қарым-қатынас жасауы, байыпты сөзі, биязы мінезі, салмақтылығы мен сабырлығы адаммен тіл табысуы, өзін-өзі ұстай білуі жеке бастың, ар-ожданының қорғаны болуға бағытталуы керек.

«Тұлғаның қалыптасу» ұғымына баланың қоғамда өздігінен өмір сүруге қабілеттілігі, өзінің тағдырына өзі иелік ете білуі және өзінің мінез-құлқын жөнге сала білуі, сондай-ақ қоршаған ортамен өзінің қарым-қатынасын түсіне білу қабілетін жетілдіру және құндылық атаулыны таңдай алу сияқты дамудың басты шарттары енеді.

«Тәрбие, кең мағынасымен алғанда, қандай да болса бір жан иесіне тиісті азық беріп, сол жан иесінің дұрыс өсуіне көмек көрсету деген сөз. Ал енді адамзат туралы айтылғанда, адамның баласын кәміл жасқа толып, өзіне-өзі қожа болғанша тиісті азық беріп, өсіру деген мағынада жүргізіледі».

Жан иесі дегенімізде біздер ата-аналардың, ұстаздар қауымының ұрпағымызға, бағытталып отырған тәрбие беру бағытындағы сөзді түсінуіміз керек. Сол жан иесінің өмірде дұрыс қалыптасып, дұрыс өсуге оның кәмілеттік жасқа ғана жетіп қойған кезіндегі емес, жалпы адам болып қалыптасып, өзіне де, өзгеге де пайдасы тиер уақытқа дейінгі тәрбие ісі айтылып отыр деп қабылдаймыз. Тәрбие — мәңгілік құбылыс. Анасының қызына, енесінің келініне, атасының күйеу баласына, әкесінің ұлына, үлкеннің кішіге, ұстаздың шәкіртке айтылатын ұлағатты сөздері мен істері арқылы «адам» атты ұлы есімге бағыт бағдар беру. Яғни, жаны да, тәні де сау, ақылы мен білімі қатарласа алатын дұрыс шешім тауып, қиыннан жол сілтей білетін, сұлулықты жаны сүйіп, адамның ішкі жан дүниесін толықтырып тұратын жас ұрпақ тұлғасын ширек ғасыр бұрын өмір сүрген ұлы тұлға Мағжан Жұмабаев нақты да дәл етіп көрсете білген.

Бала тәрбиесі — әлеуметтік іс. Балалық өмірде дұрыс қалыптасып өз орнын таба білуіне, тіпті оның жанының, тәнінің саулығы мен сұлулығына да ата-анамен қоса ұстаздар қауымы жауапты. Бала жанының айнасы — оның ұстазы болғандықтан, өмірінде өз ісіне өзінің көңілі толып, істеген ісінен ләззат алатын болашақ, яғни ұлттық тұлғаның қалыптасуына ұстаздың әсері мол.

Қазақтың Отанын сүйетін, елінің әдет-ғұрпын қастерлейтін ұрпағын тәрбиелейтін жолбасшы мұғалім бейнесі, өз орнын, абыройын жоғалтпай адам тәрбиесіне мұқият қарап, жауапкершілікпен іс істейтіне сенгіміз келеді.

Адам болмысы, оның тұлғалық қасиеті, қалыптасуы қоғаммен тығыз байланысты. Оның өміріндегі барлық өзгерістері, ішкі жан дүниесінің қалыптасуы жас ерекшелігі мен алған тәрбиесіне, психологиялық ерекшелігіне, қоршаған ортасына, ондағы болып жатқан өзгерістерге, ұлттық өзіндік ерекшеліктері мен құндылықтарына, тәрбиенің мақсат-міндеттеріне негізделеді. Оның өзін-өзі жетілдіру, дамуы, әрбір іс-әрекеті, біліктілігі, өмірге көзқарасы, ой-өрісі, бір нәрсеге қызығушылығы, ынталанып оны меңгеруі әлеуметтік жүйе негізінде қалыптасып отырады.

Ақыл-ой тәрбиесінің ерекшелігі ақпараттық-әлеуметтік ролінің өзгергенімен байланыстырғанымызбен, ол әрбір тұлғаның өзіне тән ақыл-ойының өлшемімен ерекшеленеді. Бұл — тұлға бойында ерекше қасиеттерінің бірі. Ал біз қозғап отырған ұлттық тұлға қалыптастыруға бұл айтылғандардың міндетті түрде қатысы болады.

«Шапшаң ойлай алатын, мәселеге тез талдау жасай отырып, логикалық дұрыс қорытынды жасай алатын жеке тұлғаны тәрбиелеудің қажеттілігі бүгінгі әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-техникалық прогресс кезінде өндіріс процесінде дұрыс шешім қабылдау үшін, әрбір адамның ақыл-ой қабілетін дамытумен тығыз байланыста қарастыру үшін қажет болып отыр» [3].

Қазіргі нарықтық экономика кезінде, Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында, әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы жасалыну барысында шапшаң ойлап, кез келген келелі жағдайдан шығып, логикалық ойы терең, ғылыми-техникалық прогресті түсініп оны дамумен жалғастыра алатын, ақыл-ой қабілеті дамыған ұлттық тұлға қалыптастыру қажеттілігі туындап отыр. Яғни жоо-да қоғамның, әлеуметтің сұранысы негізінде ақыл-ой тәрбиесін нақтылау қажеттілігі туындап отыр. Сондықтан әр студентті — болашақ маман иесінің білімін өз бетінше ізденіп толықтыруына, техникалық ақпараттардың ағымына ілесе алу дағдысын қалыптастыру қажет. Білімгер бойындағы ізденгіштік қасиетін дамыта отырып, оны нақты фактілердің жиынтығын пайдалана білуге үйретуі өз бетінше жетілуге, білім алуға бейімдеу керек.

«Біз қазақ халқының сан ғасырлық дәстүрін, тілі мен мәдениетін сақтап, түлете береміз. Сонымен қатар ұлтаралық және мәдениетаралық келісімді, біртұтас Қазақстан халқының ілгері дамуын қамтамасыз етеміз» (Н. Назарбаев).

Елімізді әлем танып, біртұтас Қазақстан халқының ілгері дамуын қамтамасыз ету жолында еңбек етіп, сан ғасырлық дәстүрі мен тілін, мәдениетін дамыту жолында аянбай жүрген Президентіміздің сапалы еңбегін ертеңіміздің жарқын болашағының айғағы деп білеміз. Кешегіміз бен бүгінгімізді саралап, кемшілігіміз бен жетістігімізді ескеріп, өткен күніміз бен бүгінгі уақытымызды салыстырып,

оны жас ұрпақтың сана-сезіміне ұялатып, отаншылдық рухын, халқына деген от жалындық сезімін тәрбиелеу ұстаздар қауымына жүктелетін міндет [4].

Игорь Чижевский адам баласы жоңышқа сияқты деп көрсеткен. Туады, өседі, оған еркіндік берілген, жел қайда үрлесе, ол сонда ұшып жүре алады. «Бала туғанда таза тақтай сияқты, онда не жазсаң, соны көресің. Балаға жақсы тәрбие берсең, сондай нәтиже аласың», — деп үлкен оқымысты тәрбиеші Ян Амос Коменский де ата-аналардың есіне салыпты.

Бүгінгі тәрбие берудің негізгі міндеттерінің өзі ең алдымен дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, ар-ожданы мол, мәдениетті, парасатты, еңбекқор, бойында басқа да ізгі қасиеттер қалыптасқан адамды тәрбиелеу деп көрсетілген Қазақстан Республикасының тәлім-тәрбие тұжырымдамасында. Отбасы тәрбиесінің негізгі мәні, отбасындағы өзара ынтымақтастық пен түсіністік болып табылады. «Ұядан не көрсең, ұшқанда соны ілесің» дегендей бала тәрбиесі, ол дүниеге келген алғашқы күннен басталады. Бала өскен сайын, оның тәрбиесі де күрделеніп, оған қойылатын талаптар да күшейе түседі. Ақыл-ойының дамуы, ұнамды мінез-құлқын қалыптастыру ең негізгі міндетке айналады. Оның негізі отбасында мектепке дейінгі жаста қаланады. Балалар үйде ата-анасының еңбектегі ісіне және сөйлеу мәнеріне көңіл бөліп, оны түсінуге тырысады. Ата-аналар да балаларының күн сайынғы әрекеттерін қадағалап, жағдайларын біліп отыруы қажет. Мысалы, кейбір ата-аналар өздері жұмыстан шарашап келіп, балаларына көп көңіл бөлмейді. — Баршы, қазір қолым бос емес! — Қарашы, тағы бүлдірдің — Сенің бірдеңені үйренетін күнің бар ма? — деген сияқты ескерту, шектеу сөздерді айтуы, яғни баланың келешекте тұйық, жасық болып өсуіне әкеледі. Баланы кінәлап, кемшілігін бетіне басу, басқалармен салыстыру арқылы тәрбиелеу дұрыс емес. Оның орнына балаңыздың әр ісі, қылығына түсіністікпен қарап, өз-өзінің бағалауға, өз қателіктерінен қорытынды шығаруға үйреткен жөн. Қазақ халқы бала тәрбиесіне үлкен мән беріп, оған ерекше көңіл бөлген. Себебі, ол баланы отбасының және өмірдің жалғасы мен болашағы деп санаған. Мысалы, отбасында баланың болуын және көп болуын тілеген. Оған халқымыздың мынадай даналық сөздері дәлел: «Бесіксіз үйде береке жоқ», «Балалы үй — базар, баласыз үй — қу мазар», «Бір баласы бардың шығар шықпас жаны бар, көп баласы бардың үйінде жанған шамы бар», «Артында қызы бардың көзі бар, ал ұлы бардың өзі бар» — деуі баланы халқымыздың ерекше жақсы көргені.

Қазақ отбасында баланы ұлттық салт-дәстүрлер аясында тәрбиелеген. Бала тәрбиесіне байланысты салт-дәстүрлер: құрсак той, шілдехана, сүйінші, қырқынан шығару, бесік тойы, бесік тәрбиесі, тұсау кесер, атқа мінгізу, сүндетке отырғызу, т.б. жүйелі түрде іске асырылған. Сондықтан қазақ халқында баланы тәрбиелеуде отбасы басты рөл атқарған, бұған ұлы Мұхтар Әуезов қазақтың отбасы тәрбиесін ерекше бағалап, «Ел болам десек, бесігіңді түзе» деген сөзі айқын дәлел.

Ана мен әке және әже мен ата — отбасының басты тәлімгері. Өйткені ана балаға өмір сыйлаумен ғана жақын емес, ол өзінің бар мейрімділігімен, жүрегінің жылуымен, сүйіспеншілігімен оған өте жақын. Ана балаға барлық өмір тәжірибесін және бар білгенін туылған күннен бастап баланың бойына сіңірумен болады. Сондықтан баланың алғаш тілінің шығуы «Ана» деген сөзден басталады.

Ана — баланың ең жақын қорғаушысы, қамқоршысы, ақылшысы және тәлімгері. Ана баласының табанына кірген шөгір менің маңдайыма кірсе екен деп тілейді. Ана — баласын халықтық салт-дәстүрлер негізінде тәрбиелеуші және оны өмір сүруге даярлаушы. Жақсы мінез-құлық, іс-әрекет ана бойынан балаға сіңіріледі.

Қазақ отбасындағы бала тәрбиесінде әкенің алатын орны мен рөлі ерекше болған. Себебі әке — отбасын асыраушы, оның мүшелерінің тірегі, қамқоршысы және тәлімгері. Әкенің мінез-құлқы, өзгелермен қарым-қатынасы, өнері, білімі — баланың көз алдында үлгі-өнеге алатын, соған қарап өсетін нысанасы. Сондықтан қазақта әке туралы өнегелі нақыл сөздер мен мақал-мәтелдер көп. Мысалы, «Әке — бәйтерек, бала — жапырақ», «Әкеге қарап бала өсер», «Әке балаға үлгі» т.б.

Қазақта біреудің баласы жақсы, өнегелі болып өссе, «оның әкесі жақсы кісі еді, өнегелі жерден шыққан ғой» дейді. Бұдан әкесі жақсылардың балалары да жақсы болмақ, ал әкесі жамандардың балалары сондай болмақ деген қорытынды шығаруға болмайды. Баланың жақсы-жаман болуы шыққан тегіне ғана емес, ол оның тәрбиесіне тікелей байланысты. Осыны ерте сезген халқымыз «Баланың тентек болмағы үйінен, жігіттің тентек болмағы биінен» немесе «Жақсыдан жаман туады, бір аяқ асқа алғысыз. Жаманнан жақсы туады, адам айтса нанғысыз» деп дәлелдей білген.

Қазақ халқында әкелер өз өнерлерін балаларына үйретіп, оларды өздеріндей қолөнерші, күйші, әнші, мерген, аңшы, құсбегі етіп тәрбиелеуге ерекше көңіл бөлген. Осыдан келіп ата өнерін баланың қууы, оны мирас етуі дәстүрге айналған. Мысалы, қазақ халқының өмірінде жеті атасына дейін күйшілік, әншілік, аңшылық, ұсталық өнерлерді қуып өткен адамдар жиі кездеседі. Содан «Атадан

бала тумас болар ма, ата жолын қумас болар ма», «Әке көрген — оқ жонар» деген нақыл сөздер пайда болған.

Әжелер мен аталардың мінез-құлқындағы жағымды қасиеттер: олардың ұстамдылығы, төзімділігі, сабырлығы, қиыншылықтарға төзімділікпен қарауы, тағы басқа қасиеттері балаға ерекше әсер етеді. Әжелер мен аталар балаларды отбасында түрлі өнер мен еңбекке үйреткен, олар не істесе, балалар соны істеп өскен.

Әжелер мен аталар балалардың бойына адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу үшін оларға аңыз-әңгімелер, ертегілер, мақал-мәтелдер, жырлар, жұмбақтар, т.б. ауыз әдебиетінің үлгілерін кеңінен пайдаланған.

Әжелер мен аталар ұлы адамдарды тәрбиелеуде ерекше қызмет жасаған, бұған ұлы тұлғаларымыз Абай, Ыбырай, Шоқан, Мұхтар, т.б. өмірлері айғақ.

Қазақта баланың әке-шешесі оның ата-әжесі тұрғанда «бала менікі» деуге бата алмаған, ал балалар оларды «аға-жеңге» деп атаған. Осы жақсы дәстүр ата мен бала, әже мен келін арасында шынайы сыйластықты, татулықты, ынтымақтастықты, отбасындағы жақсы қарым-қатынасты қамтамасыз еткен. Міне, жоғарыда айтылғандардан әже мен атаның отбасындағы тәрбиелік іс-әрекеттері ерекше екеніне анық көзіңіз жетеді [5].

Бір сөзбен түйіндесек, қазақ отбасында баланың басты тәлімгерлері анасы мен әкесі, әжесі мен атасы, туыс-туғандары екен. Сондықтан халқымыздың бала тәрбиелеудегі ерекшеліктері: құрсақтан басталып, бесікте, қыз бала мен ұл бала, келін мен ер жігіт жеке-жеке ұлттық әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер негізінде үздіксіз тәрбиеленеді екен деп тұжырымдауға әбден негіз бар.

Әдебиеттер тізімі

- 1 [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: bilim.idhost.kz/tags
- 2 Майсаранова С.К. // Бастауыш мектеп. — 2011. — № 7, 8. — 52–54-б.
- 3 Абдықадырова Т. // Бастауыш мектеп. — 2009. — № 3. — 69–71-б.
- 4 Сейітқұлов Н. // Қазақстан мектебі. — 2010. — № 3. — 46–49-б.
- 5 Назарбаев Н.Ә. Менің арманым да, мұратым да Қазақстан халқын бақытқа жеткізу // Жұлдыз. — 2000. — № 7.

С.Х.Медиева, М.Р.Амирбекова

Деятельность, направленная на формирование личности в контексте воспитания семейных традиций и преемственности поколений

В статье освещены вопросы воспитания детей в современных условиях, в первую очередь это всестороннее развитие, в том числе и духовное воспитание. Рассмотрено воспитание конкурентоспособного, адаптирующегося в реальном мире поколения новой формации, обладающего творческим мышлением и высоко развитым потенциалом.

S.Kh.Medieva, M.R.Amirbekova

Directive activities in formation of person in the education of interconnection between family and generation

This article is about the meaning of the spiritual education, nowadays actual comprehensive developed education in educating the children and parents' rights and duties, educating and taking care of children. There is the necessity of formation of the national person, that has developed mental and deep logical mentality, understands scientific technical progress and can continue its development, solves any problem in doing the strategy of entering the competitive 50 countries.

References

- 1 [ER]. Access mode: bilim.idhost.kz/tags
- 2 Maisaranova S.K. *Primary school*, 2011, 7–8, p. 52–54.
- 3 Abdykadyrova T. *Primary school*, 2009, 3, p. 69–71.
- 4 Seyitkulov N. *Kazakhstan's school*, 2010, 3, p. 46–49.
- 5 Nazarbaev N.A. *My dream and desire is to lead to the happiness Kazakhstan's nation*, «The star», 7, 2000.

ӘОЖ 37.01

Е.С.Аяған, С.Х.Медиева

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (E-mail: sara.orazbaeva.66@mail.ru)

Жәңгір ханның басшылығымен жасаған Бөкей Ордасының картасының маңыздылығы арқылы оқу-тәрбие үрдісінде патриоттыққа тәрбиелеу

Мақалада Бөкей Ордасында Жәңгір ханның басшылығымен мемлекеттік шекара мәселелерін мемлекеттік деңгейде шеше білгені қарастырылған. Осы мәселені Бөкей Ордасында Жәңгір хан патшалық Ресеймен дипломатиялық қарым-қатынас жасай отырып, қолға алуды көздеді. Сондықтан қазақ елінің егемендігін нығайту мақсатымен Бөкей Ордасы мен патшалық Ресей арасындағы мемлекеттік шекараны жасауға кіріскен болатын. Жәңгір ханның мемлекеттік саясатындағы егемендікті және тәуелсіздіктің іргетасы ретінде Ресеймен мемлекеттік шекаралар мәселелеріне авторлар талдау жасаған. Оған қоса қазіргі білім саласында оқу-тәрбие процесінде жас ұрпақты патриоттыққа тәрбиелеуде пайдалану қажеттігі кеңінен ашылған.

Кілт сөздер: Қазақстан, Бөкей, Орда, Жәңгір хан, ислам мәдениеті, патриотизм, тәрбие, қазақ этносы, этнопедагогика, патшалық Ресей, географиялық карта, Қожа Ахмет Яссауи діни ілімі.

Қазақстанның ежелден басталатын мемлекеттілігін түпкілікті дәлелдейтін тағы процестің бірі ретінде Жәңгір хан қазақ жерінің батыс бөлігіндегі Бөкей хандығы мен патшалық Ресей арасындағы мемлекеттік шекараны заңды тұрғыда белгілеп анықтағаны. Қазіргі уақытта даусыз тәуелсіздіктің алғышарты ретінде зор үлес қосқанның бірі Жәңгір ханның іс-әрекеті болатын. Өйткені Бөкей хандығының мемлекеттік шекарасын нақтылап, патшалық Ресеймен келісім жасап, Бөкей хандығы жерлерін нақты белгілеп, құқықтық құжаттар негізінде Ресей патшасымен Жәңгір хан келісімшарт жасап, заңдастырып, «Бөкей Ордасының картасы» алғаш рет жасалынған. Бұл Жайық (Урал) пен Еділ (Волга) өзендері арасындағы жерді Бөкей хан патшалық Ресейден қайтып алған-ды. Ал Жәңгір хан Бөкей хандығының картасын жасатып, Ресеймен арадағы мемлекеттік шекараны құқықтық-нормативтік құжаттармен заңдастырып, қазақ халқына мәңгілік мұра етіп қалдырды. Сондықтан қазіргі Қазақстанның мемлекеттік шекарасын белгілеу барысында «Бөкей Ордасының картасы» ескеріліп, оған сүйену қажет.

1828 жылы хан Жәңгірдің тапсырмасы бойынша С.А.Раевский мен Тараев Бөкей хандығының географиялық және топонимикалық картасын жасады [1].

Жәңгір хан Бөкей Ордасында хан болып сайланғаннан кейін өзінің территориясын белгілеп алуды ойластырды. Әкесі Бөкей хан істеп үлгермеген мемлекеттік істерді және мәселелерді реттеуге кірісті. Соның бірі Бөкей хандығының ханы болғандықтан, өз алдына Жәңгір хан билікті нығайту үшін хандықтың территориясын білдіретін картасын арнайы маман кадрға тапсырма берген. Нәтижесінде Бөкей хандығының шекарасын, территориясын білдіретін картасы Жәңгірдің бастамасымен жасалды. Бұл картаның нұсқасы «Бөкей Ордасы» тарихи мұражайында және Астрахань облыстық мұрағатында сақталып осы күнге дейін жеткен. Қазақтың ешқандай хандарының мемлекеттік картасы болған жоқ деген пікірлерді теріске шығарады. Сондықтан қазақ тарихында және қазақ хандары ішінде алғаш рет Жәңгір хан Қазақстан жеріндегі Бөкей хандығында (Кіші жүзде) мемлекеттік шекарасын білдіретін картасын жасатқан. Бөкей хандығы бойынша географиялық және топонимикалық картасының негізінде барлық жер, су, тұрғылықты мекендер

атаулары анықталып, зерттелді. Табиғат пен өзендер, жазық таулар және климаттық жағдайлары, жер көлемі өлшеніп, Бөкей хандығының территориясының шекарасын Жәңгір хан өзі бекітіп, патшалық Ресейдің мемлекеттік келісімін толығымен алды. Бөкей хандығының мемлекеттік шекарасын Жәңгір хан патша өкіметінің келісімімен белгілеп алып, сыртқы және ішкі жаудан қорықпай отырған.

